

МАМАНДЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

5B010800 – Дене мәдениеті және спорт мамандығының білім беру бағдарламасы Бакалавриат деңгейі

«5B010800 – Дене мәдениеті және спорт» мамандығының білім беру бағдарламасының мақсаты

«5B010800 – Дене мәдениеті және спорт» мамандығының білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты:

- кәсіби қызметіне сай іргелі білім, білік, құзіреттілік қалыптастыру;
- экологиялық, дене шынықтыру, этикалық, құқықтық, сонымен қатар ойлау мәдениетін қалыптастыру;
- тілдік білім дайындығы;
- жалпыадамзаттық және әлеуметтік-тұлғалық құндылықтарын қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасы халықтарының достығына, толеранттылыққа, ұлтжандылық рухына тәрбиелеу.

1 Қызметтер мен біліктіліктер тізімі

Бұл бағдарламамен бітірушілерге «5B010800 – Дене мәдениеті және спорт мамандығы бойынша білім бакалавры» дәрежесі беріледі.

Білім бакалаврлары жұмыс өтілімін көрсетпес бұрын категориясыз жоғары деңгейлі білікті маман ретінде Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының Типтік біліктілік сипаттамаларына сәйкес 2009 жылдың 13 шілдесіндегі № 338 Бұйрығы бойынша келесідей қызметтерге орналаса алады:

- дене шынықтыру мұғалімі;
- дене шынықтыру оқытушысы;

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-п-м Бұйрығымен бекітілген басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес:

- дене шынықтыру бойынша әдіскер.

2. Білім бағдарламасымен бітірушінің біліктілігіне мінездеме

2.1 Кәсіби қызмет сферасы

«5B010800 – Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша білім бакалавры кәсіби қызметі:

- білім беру;
- дене тәрбиесі;
- спорт (бұқаралық спорт түрлері, балалар мен жасөспірімдер спорты, паралимпиадалық спорт) болып табылады. Ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан былай –ҰБШ) бойынша біліктілік деңгейі – 6.

2.2 Кәсіби қызметінің нысаны

«5B010800 – Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша білім бакалавры кәсіби қызметінің нысаны:

- жекеменшік және ведомстволық тәуелділік формаларына қарамастан, орта білім берудің барлық типтері мен түрлерін ұйымдастыру;
- техникалық және кәсіби білім беруді ұйымдастыру;

- балалар спорт мектебі және клубтары;
- дене мәдениеті және спорттық қызметті басқару ұйымдары, мемлекеттік мекемелері.

2.3 Кәсіби қызмет пәні

«5B010800 – Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша білім бакалавры кәсіби қызметінің пәні рекреация, реабилитация, спорттық дайындық, дене тәрбиесі, дене дайындығы жүйесін жүзеге асыратын педагогикалық процесс болып табылады.

2.4 Кәсіби қызметтің түрлері

«5B010800 – Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша білім бакалавры кәсіби қызметі бойынша төмендегідей қызмет түрлерін атқара алады:

- білім беру (педагогикалық);
- оқу-тәрбиелік;
- оқу-жаттықтырушылық;
- жаттықтырушылық (спорттық);
- эксперименттік-зерттеушілік;
- басқару-ұйымдастырушылық;
- ұйымдастырушылық-технологиялық.

2.5 Кәсіби іс-әрекет қызметі

- дене тәрбиесі және дене шынықтыру мұғалімі/оқытушысы ретінде сауықтыру және бұқаралық-ұйымдастырушылық, спорттық, тәрбиелік, білім беру жұмыстарын өткізу;
- спорт мектептерінде, мектепке дейінгі және мектептік білім беру мекемелерінде спорт түрлері бойынша жаттықтырушы ретінде спорт түрлері бойынша топтық жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу;
- жаттықтыру процесін реабилитация мен жаттықтыру әдістері және ғылыми негізделген құралдарымен қамтамасыз ету;
- оқу орындарындағы, клубтардағы және мекемелердегі спорттық мерекелерде дене мәдениеті және спорт бойынша жарыстарды өткізу және ұйымдастыру.

2.6 Кәсіби қызметтің типтік міндеттері

«5B010800 – Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша білім бакалавры кәсіби қызметіне сай барлық қызмет түрлерін атқара алуға міндетті:

✓ білім беру қызметі саласында:

- мектепке дейінгі мекемелерде, орта мектептерде, техникалық және кәсіптік оқу орындары мен әртүрлі ұйымдарда ғылыми негізделген дене тәрбиесін өткізу;
- денсаулықты нығайтуға, жаттығуларды, гигиеналық іс-шараларды және табиғаттың шынайы күштерін пайдалану арқылы дене құрылысын жетілдіруге, белсенді демалыс және рекреация жүргізу жолы арқылы дененің жұмыс қабілетін арттыруға бағытталған дене тәрбиесі мен спорттың бұқаралық түрі бойынша педагогикалық қызметті орындауы;

✓ оқу-тәрбие қызметінің аясында:

- оқу-тәрбие жұмыстарын педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, қағидалары, тәрбиелік қозғаушы күштеріне сәйкес іске

асыруы;

- сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын жоспарлауы;
- нақты тәрбие міндеттерін шешуі;
- осы сыныпта сабақ беретін мұғалімдермен, сынып ата-аналарымен, оқушылар ұжымымен байланыс орнатуы тиіс.

✓ **ұйымдастырушылық-технологиялық қызмет аясында:**

– оқу процесіне денсаулық пен дене дайындығы әртүрлі студенттер мен тұлғалар, оқушылар ағзасына әсер ететін техникалық құралдар мен тренежерларды оқытудың оңтайлы тәртібін таңдау мақсатында, сондай-ақ дене мәдениеті бойынша оқытудың жаңа технологияларын енгізу және әзірлеу;

✓ **эксперименттік-зерттеушілік қызмет саласында:**

– зертханаларда, мекемелерде, балалар спорт мектептерінде, клубтарында спортшыларды және дене шынықтырумен айналысатын тұлғаларды қалпына келтіру және рекреация бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;

– спорттық құрал-жабдықтарды, алаңдарды, спорттық снарядтар мен жабдықтарды жобалау барысында кеңес беру қызметін көрсету;

✓ **жаттықтырушылық (спорттық) қызмет саласында:**

– спорттық жетістіктерге ағзаның функционалдық, дене, әдіс-тәсілдік, психологиялық, зияткерлік дайындығын ғылыми негізде жоспарлау, бақылау және түзету;

– денсаулыққа зиян келтірмей жоғары спорттық нәтижелерге жету мақсатында спортпен айналысатын жасы, жынысы, спорттық біліктілігі әртүрлі тұлғалардың моральдық-қажырлық қасиеттерін, отан сүйгіштігін тәрбиелеу;

– дене шынықтырумен айналысатын тұлғалардың денсаулықтарын сақтау және бекіту.

✓ **ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет саласында:**

– мектептегі білім берудің оқу-тәрбие құрылымдарында дене тәрбиесі мен спорт бойынша педагогикалық қызметті ұйымдастыру және өткізу;

– спорттық мерекелерді өткізу және жарыстарда төрешілік ету;

– мектеп жасына дейінгі оқу орындарында, мектептерде, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінде, дене шынықтыру ұйымдарында, балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептерінде, спорт клубтарында сабақтан тыс уақытта дене тәрбиесі мен сауықтыру жұмыстарын, сонымен қатар жазғы спорттық-сауықтыру мектеп лагерлерін және туристік базаларды ұйымдастыру.

2.7 Кәсіби қызметтің мазмұны

«5B010800 – Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша білім бакалавры кәсіби қызметінің мазмұны:

– педагогикалық процесті сапалы ұйымдастыру және басқару;

– білім алушылардың танымдық қабілеттерін, дене мәдениеті-спорттық қызметін, білім беру және дене мәдениетінің тұлғалық маңыздылығын белсенді меңгеруге бағдарлау;

– білім беру процесінің білім алушы тұлғасына бағытталуы, оның өзін-өзі ашуына және өзін-өзі көрсете білу мүмкіндігіне жағдай жасау;

– білім алушылардың кәсіби бағдарына және өз бетімен білім алуына жағымды жағдай туғызу, әртүрлі педагогикалық технологияларды қолдану;

– дене шынықтыру және спорт бойынша білім берудің қазіргі талаптары және объективті заңдылықтары ескерілген жеке кәсіби қызметін жоспарлау болып табылады.

3. Оқыту нәтижелері (жалпы құзыреттіліктер)

Бірінші Дублин дескрипторларына сәйкес білім деңгейі қабілетін көрсететін «5B010800 – Дене мәдениеті және спорт» (ҰБШ 6-шы біліктілік деңгейі) мамандығы бойынша білім бакалаврының білім нәтижелері:

- дене дайындығы, рекреация, реабилитация, спорттық жаттықтыру, дене тәрбиесі саласы бойынша алдыңғы қатарлы озат білімдерді қоса отырып, зерттелген сала бойынша білім мен түсінігін көрсету;
- сол білімі мен түсінігін кәсіби деңгейде қолдану;
- дене мәдениеті және спорт саласын оқытуда дәлелдерді тұжырымдау және кәсіби мәселелерді шешу;
- әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдаулар жасауға қажет ақпараттарды жинау және түсіндіру.
- Мамандарға да, маман еместерге де ақпараттарды, идеяларды, мәселелер мен шешімдерді хабарлау.

«5B010800 – Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша білім бакалаврының *жалпы құзыреттіліктері* негізгі (жалпы білімге қойылатын талаптар, әлеуметтік-этикалық, экономикалық, ұйымдастырушы-басқарушылық құзыреттіліктері) және арнайы құзыреттіліктер негізінде қалыптасады.

3.1 Жалпы құзіреттіліктер

✓ Жалпы білімділікке қойылатын талаптар:

- жоғары білімді тұлғалық қасиетін ойлау мәдениеті және ой өрісінің кеңдігі арқылы қалыптастыруға ықпал ететін жаратылыстану ғылымдары, әлеуметтік-гуманитарлық, экономикалық пәндер саласындағы базалық білімін меңгеру;
- қазіргі заманғы техниканы қолдана білу дағдысын меңгерген, ақпараттық технологияларды өз саласындағы кәсіптік қызметте қолдана алуы;
- күнделікті қажеті үшін кәсіптік қызмет ету және магистратурада білім алуды жалғастыру, жаңа білімді меңгеру дағдысының болуы;

✓ Әлеуметтік- этикалық құзіреттілікке қойылатын талаптар:

- қоғамдық пікірлерге, салт-дәстүрлерге, қоғамдық нормаларға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды білу және өзінің кәсіби іс-әрекетінде соларға сүйену;
- іскерлік әдеп нормасын сақтау, этикалық және құқықтық мінез-құлық нормаларын меңгеру;
- Қазақстан халықтарының мәдениеті мен салт-дәстүрін білу;
- басқа да әлем халықтарының дәстүріне, мәдениетіне төзімді болу;
- Қазақстанның заңнамалық және құқықтық жүйесінің негіздерін білу;
- қоғамның әлеуметтік даму тенденциясын білу;
- әртүрлі әлеуметтік жағдайларда өзін сабырлы ұстау;
- командада жұмыс жасай білу, өзіндік көзқарасын қорғай білу, жаңаша шешім ұсына білу;
- ұжымның көзқарасына өзіндік пікір қоса білу, жаңаша жолдар таба білу;

– кәсіби және тұлғалық өрлеуге ұмтылу.

✓ **Экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық құзіреттіліктерге қойылатын талаптар:**

– негізгі экономикалық білімді меңгеру, менеджмент, маркетинг, қаржы мәселелері туралы ғылыми көзқарасы болу;

– экономиканың мемлекеттік сектордағы рөлі мен экономиканы мемлекеттік реттеу әдістері мен мақсаты туралы білу және түсіну.

✓ **Әлеуметтік, гуманитарлық, кәсіби рөлдердің ауысуына дайын болуы, әлеуметтік ұтқырлық жағдайында динамикалық өзгерістер мен белгісіздіктерге бейім болуына қойылатын талаптар:**

– қазіргі заманғы ақпараттық ағымдар мен серпінді дамып келе жатқан өзгермелі құбылыстарға және үдерістерге бейімделу, әлемдік экономикадағы жағдайды бағдарлай білу;

– кәсіби қызметіне байланысты түрлі жағдайлар мен мәселелерге икемді де ұтқыр болу;

– экономикалық және ұйымдастыру бағытындағы белгісіздік жағдайда шешім қабылдау дағдыларын меңгеру.

3.2 Арнайы құзіреттіліктер

✓ ***А – білім және түсінік:***

A1 – дене шынықтыру және спорттың, қазіргі заманғы модельдері мен даму ерекшеліктерін, жалпы және арнайы функцияларын, мәнін, теориялық және әдіснамалық негіздерін білу;

A2 – дене шынықтыру сабақтарының дәрігерлік-биологиялық және психология-педагогикалық ерекшеліктерін, мектептердегі бұқаралық, таңдамалы және базалық спорт түрлерін білуі;

A3 – спорттық жаттықтыру, сауықтыру, тәрбиелеу, оқытумен байланысты дене мәдениеті және спорт саласы бойынша жаңа технологияларды білуі;

A4 – дене мәдениеті және спорт саласында ғылыми зерттеулерге бағытталған жалпы ғылыми және кіріктірілген бағдарларды білу;

A5 – дамыту және тәрбиелеу, оқыту теорияларын, сондай-ақ әртүрлі білім деңгейлері үшін дайындалған білім беру бағдарламаларын білу.

✓ ***В – білім мен түсінікті қолдану:***

B1 – дене мәдениеті және спорт саласы бойынша күнделікті өмірде және білім беру іс-әрекетінде теориялық білімдерді қолдану;

B2 – білім алушылардың оқу-тәрбие, сауықтыру, жаттығу процесін жоспарлау және іске асыру;

B3 – дене шынықтыру және спорт саласындағы эксперименттер мен бақылау нәтижелерін теориялық талдау әдістерін, компьютерлік модельдеу мен тәсілдерін меңгеру;

B4 – психологиялық-педагогикалық және дәрігерлік-физиологиялық зерттеулердің сапалық және сандық әдістері арқылы әртүрлі жастағы оқушылардың дене дамуына талдау жасау және диагностика өткізу;

B5 – дене жаттығуларының қимыл-қозғалысын, техникалық-тактикалық іс-әрекет дағдыларын оқыту, көрсету (демонстрациялау) және оларды талдау;

B6 – жасына, жынысына, спорттық біліктіліктілігіне байланысты дене жүктемесінің ағзаның физиологиялық мүмкіндіктеріне барабарлығына талдау жүргізу;

B7 – мониторинг жүргізу, модельдеу, болжау, спорттық іріктеу әдістерін пайдалану.

✓ ***С – пайымдаудың қалыптасуы:***

- С1 – педагогикалық шындықты тұтастай қабылдай және жүйелі ойлай алуы;
- С2 – ойдың тәуелсіздігі, сын тұрғысынан ойлау, талдау, диагностикалау дағдыларының болуы;
- С3 – өзінің педагогикалық мамандықтың әлеуметтік мәнін түсіну, кәсіби этика қағидаларын сақтау;
- С4 – дене мәдениеті және спорт мәселелеріне қатысты пайымдауды қалыптастыру және талдау жасауға қабілетті.

✓ ***Д – жеке қабілеттері:***

- D1 – қарым-қатынас технологиясын, педагогикалық шешендік дағдыларын, коммуникациялық стратегияларын меңгергеру;
- D2 – педагогикалық ынтымақтастыққа төзімді және қабілеті;
- D3 – интеллектуалдық, моральдық-адамгершілік, мәдени ойлайтын, коммуникативтік, ұйымдастырушылық-басқарушылық дағдыларын дамытуға ұмтылады;
- D4 – педагогикалық қызметке деген жоғары мотивация, өз білімін жетілдіру мен өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу, жаңа педагогикалық тәжірибені қолдану және зерттеуге қабілетті;
- D5 – жеке тұлғаның салауатты өмір салтын қалыптастыру және еңбекті қорғауды сақтауға қабілетті.

4. Оқыту стратегиялары мен әдістері

«5В010800 – Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бағдарламасы бойынша оқытудың жалпы нәтижелері (ҰБШ 6-шы біліктілік деңгейі) төмендегі оқу шаралары арқылы қалыптастырылатын болады:

- 1) *аудиториялық сабақтар*: дәрістер, семинарлар, практикалық және лабораториялық сабақтар – оқытудың инновациялық технологияларын есепке ала отырып, интерактивті түрдегі ғылымның, технологияның және ақпараттық жүйелердің жаңа жетістіктерін қолдана отырып жүргізіледі;
- 2) *аудиториядан тыс сабақтар*: білім алушының өзіндік жұмысы, оның ішінде оқытушы жетекшілігімен жұмыс, жеке кеңестер;
- 3) оқу және кәсіби практикаларды өткізу, дипломдық жұмыс дайындау.

Мамандықтың білім беру бағдарламасының мазмұны білім алушыларға дене мәдениеті және спорт саласы бойынша пәндік, пәнаралық, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік білімді меңгеруге, педагогика және психология саласындағы білім мен түсінігін көрсетуге, осы білім мен түсінігін кәсіби деңгейде қолдануға мүмкіндік береді.

Бағдарлама барысындағы дәрістер, семинарлар, пікірталастар, практикалық және лабораториялық сабақтар, практиканың алуан түрлері студенттерге «5В010800 – Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша шешуші және арнайы құзыреттіліктерді дамытуға, атап айтқанда, дене мәдениеті және спорттан нақты әлеуметтік-педагогикалық шарттарды есепке ала отырып, теориялық білімді қолдануға, оқу барысында педагогикалық технологиялар мен ақпараттық дереккөздерді (мультимедиалық үйретуші бағдарламалар, электронды оқулықтар, ТД мен Ғаламтор-технологиялар) тиімді де креативті пайдалануға кең мүмкіндік береді.

Профессор-оқытушы құрамының студенттердің өзіндік жұмысына жетекшілік етуі, жеке кеңестер беруі студенттерге оқу және ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Одан басқа бітіруші курс студенттері дипломдық жұмысты өздері таңдаған тақырып бойынша ғылыми жетекшінің басшылығымен жазады.

5. Оқытудың нәтижелерін бақылау және бағалау

Білім бакалаврын (ҰБШ 6-шы біліктілік деңгейі) дайындауда «5B010800 – Дене мәдениеті және спорт» мамандығының бағдарламасы оқытудың болжалды нәтижелерін бақылау мен бағалаудың алуан түрлерінің кең ауқымын қарастырады: *ағымдық және аралық бақылау* (сабақтарда сұрақ қою, оқу пәнінің тақырыптары бойынша тестілеу, бақылау жұмыстары, лабораториялық жұмыстарды, курстық жұмыстарды қорғау, пікірталастар, тренингтер, коллоквиумдар және т.б.), *аралық аттестация* (оқу пәнінің тараулары бойынша тестілеу, емтихан, практикалар бойынша есептерді қорғау), *қорытынды аралық бақылау* (диплом жұмысын қорғау, мемлекеттік пәнаралық емтихан).

Бағалау әдістерінің мақсаты сыни ойлау, зияткерлік, жазбаша және ауызша қарым-қатынастық, көрсетілімдік дағдыларды дамыту болып табылады.

Мамандық бағдарламасы оқытудың барлық кезеңінде студенттерге пән саласындағы, оқу-педагогикалық қызметті жоспарлау және ұйымдастыру, дене мәдениеті және спортты оқыту әдістемесі мен оқу үдерісінде оқытудың инновациялық технологияларын қолдану, сонымен қатар білім алушы мен мұғалімнің педагогикалық өзара әрекеті т.б. бойынша практикалық-бағытталған білім мен біліктілікті меңгеруге мүмкіндік беретін оқу және үздіксіз педагогикалық тәжірибені қамтиды.

6. Пәндер және арнайы құзыреттіліктер матрицасы

№	Пән атаулары	A1	A2	A3	A4	A5	B1	B2	B3	B4	B5	B6	B7	C1	C2	C3	C4	D1	D2	D3	D4	D5	
1	Педагогика	*		*	*	*				*				*		*	*	*	*	*	*	*	*
2	Дене мәдениеті және спорт педагогикасы	*		*	*	*	*			*			*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
3	Мектепте дене шынықтыруды оқыту әдістемесі	*	*	*	*		*	*	*	*	*	*		*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
4	Жалпы және жас ерекшеліктер психологиясы	*	*	*		*	*			*	*	*		*	*	*		*	*	*		*	*
5	Дене мәдениеті және спорт менеджменті	*		*	*	*	*	*	*		*		*					*	*	*	*	*	*
6	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы		*	*	*	*	*	*	*		*	*	*		*	*	*		*	*	*	*	*
7	Педагогикалық менеджмент	*			*	*		*	*				*	*	*	*		*	*	*	*	*	
8	Кәсіби бағдарланған шет тілі				*		*	*	*		*		*		*			*	*	*	*	*	
9	Кәсіби қазақ (орыс) тілі				*	*	*	*	*				*	*	*	*	*		*	*	*	*	*
10	Дене мәдениеті және спорт теориясы мен әдістемесі	*		*	*	*	*	*	*		*	*	*	*			*	*	*	*	*	*	*
11	Педагогикалық шеберлік	*		*	*	*	*						*		*	*	*	*	*	*	*	*	
12	Балалар мен жасөспірімдер және кәсіби спорттың теориясы мен әдістемесі	*	*	*		*	*	*	*		*	*	*	*	*		*	*	*		*	*	*
13	Педагогикалық мамандыққа кіріспе	*		*	*	*			*					*		*		*	*	*	*	*	

14	Этнопедагогика	*		*	*				*					*	*	*		*	*	*	*	
15	Спорттық шеберлік	*	*	*		*	*		*	*	*		*	*	*	*	*		*	*		*
16	Спорт биомеханикасы		*	*	*	*	*	*	*		*	*	*	*	*	*	*			*	*	*
17	Дене мәдениеті және спорт педагогикасы мен психологиясы	*	*	*	*		*		*	*	*	*	*	*	*	*		*	*			*
18	Спорт медицинасы		*	*	*		*	*	*		*	*	*		*	*	*			*	*	*
19	Жеңіл атлетика және оқыту әдістемесі	*		*	*	*	*	*		*	*	*		*	*	*		*	*	*	*	*
20	Ұлттық спорт түрлері және оқыту әдістемесі	*		*	*	*	*	*		*	*	*		*	*	*		*	*	*	*	*
21	Спорт биохимиясы		*	*	*	*	*	*		*	*	*		*	*	*		*	*	*	*	*
22	Анатомия және кинезиология негіздері		*	*	*	*	*	*		*	*	*		*	*	*	*	*	*	*	*	*
23	Дене тәрбиесі және спорт түрлерінің физиологиялық негіздері		*	*	*	*	*	*		*	*	*		*	*	*	*	*	*	*	*	*
24	Гимнастика және оқыту әдістемесі	*		*	*	*	*	*		*	*	*		*	*	*		*	*	*	*	*
25	Жүзу және оқыту әдістемесі	*		*	*	*	*	*		*	*	*		*	*	*		*	*	*	*	*
26	Қысқы спорт түрлері және оқыту әдістемесі	*		*	*	*	*	*		*	*	*		*	*	*		*	*	*	*	*
27	Спорт метрологиясы	*		*	*	*	*	*		*	*	*	*	*	*	*	*	*	*		*	*
28	Ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау	*		*	*	*	*	*	*	*	*		*	*	*	*	*	*		*	*	
29	Зерттеу әдістері	*		*	*	*	*	*	*	*	*		*	*	*	*	*	*		*	*	
30	Емдік дене мәдениеті және массаж		*	*	*	*	*	*		*	*	*	*	*	*	*	*		*	*	*	*
31	Тәрбие жұмыстарының теориясы мен әдістемесі	*		*		*		*	*	*			*		*		*	*	*	*	*	*
32	Таңдамалы спорт түрлеріндегі кәсіби жаттықтырушылық іс-әрекет	*	*		*	*	*	*	*	*	*		*	*		*	*	*		*	*	*
33	Таңдамалы спорт түрлерінің теориясы мен әдістемесі	*	*	*	*		*	*		*	*	*	*	*		*	*	*		*	*	*
34	Базалық спорт түрлерін оқыту теориясы мен әдістемесі (мектеп бағдарламасы бойынша)	*	*	*		*	*	*		*	*	*	*	*		*	*	*	*	*	*	
35	Баскетбол және оқыту әдістемесі	*		*	*	*	*	*		*	*	*		*	*	*	*	*		*	*	*
36	Волейбол және оқыту әдістемесі	*		*	*	*	*	*		*	*	*		*	*	*	*	*		*	*	*
37	Күрес және оқыту әдістемесі	*		*	*	*	*	*		*	*	*		*	*	*	*	*		*	*	*
38	Футбол және оқыту әдістемесі	*		*	*	*	*	*		*	*	*		*	*	*	*	*		*	*	*
39	Таңдамалы спорт түрлерінің теориялық негіздері	*	*	*		*	*	*	*		*	*	*	*	*		*	*	*	*		*
40	Дене реабилитациясы мен рекреациясының	*	*	*		*	*	*	*		*	*	*	*	*		*	*	*	*		*

	теориясы мен әдістемесі																					
41	Таңдамалы спорт түрлерінің дене дайындығы (жалпы және арнайы)		*	*	*		*	*	*	*	*	*		*	*		*	*	*		*	*
42	Дене мәдениеті педагогикасының әлеуметтік аспектілері	*		*	*	*	*		*					*	*	*		*	*	*	*	*
43	Әлем халықтары дене мәдениетінің салыстырмалы педагогикасы	*		*		*	*		*				*	*		*	*	*	*	*	*	*
44	Спорт туризмі	*	*			*			*			*		*	*	*		*	*	*	*	*
45	Таңдамалы спорт түрлеріндегі жарыс іс-әрекеттері	*	*	*		*	*	*		*	*	*	*		*	*	*	*		*	*	*
46	Спорт тағамы		*	*	*	*	*		*	*	*		*	*	*	*		*	*	*	*	*
47	Дене мәдениеті және спорт тарихы	*		*	*	*							*	*	*	*	*	*	*			*
48	Оқу тәжірибесі	*	*		*	*	*	*		*	*	*	*		*	*	*		*	*		*
49	Педагогикалық тәжірибе	*	*		*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
50	Кәсіби тәжірибе	*	*		*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*

<p>✓ А –білім және түсінік:</p> <p>A1 – дене шынықтыру және спорттың, қазіргі заманғы модельдері мен даму ерекшеліктерін, жалпы және арнайы функцияларын, мәнін, теориялық және әдіснамалық негіздерін білу;</p> <p>A2 – дене шынықтыру сабақтарының дәрігерлік-биологиялық және психология-педагогикалық ерекшеліктерін, мектептердегі бұқаралық, таңдамалы және базалық спорт түрлерін білуі;</p> <p>A3 – спорттық жаттықтыру, сауықтыру, тәрбиелеу, оқытумен байланысты дене мәдениеті және спорт саласы бойынша жаңа технологияларды білуі;</p> <p>A4 – дене мәдениеті және спорт саласында ғылыми зерттеулерге бағытталған жалпы ғылыми және кіріктірілген бағдарларды білу;</p> <p>A5 – дамыту және тәрбиелеу, оқыту теорияларын, сондай-ақ әртүрлі білім деңгейлері үшін дайындалған білім беру бағдарламаларын білу.</p>	<p>✓ В – білім мен түсінікті қолдану:</p> <p>B1 – дене мәдениеті және спорт саласы бойынша күнделікті өмірде жіне білім беру іс-әрекетінде теориялық білімдерді қолдану;</p> <p>B2 – білім алушылардың оқу-тәрбие, сауықтыру, жаттығу процесін жоспарлау және іске асыру;</p> <p>B3 – дене шынықтыру және спорт саласындағы экспериментер мен бақылау нәтижелерін теориялық талдау әдістерін, компьютерлік модельдеу мен тәсілдерін меңгеру;</p> <p>B4 – психологиялық-педагогикалық және дәрігерлік-физиологиялық зерттеулердің сапалық және сандық әдістері арқылы әртүрлі жастағы оқушылардың дене дамуына талдау жасау және диагностика өткізу;</p> <p>B5 – дене жаттығуларының қимыл- қозғалысын, техникалық- тактикалық іс-әрекет дағдыларын оқыту, көрсету (демонстрациялау) және оларды талдау;</p> <p>B6 – жасына, жынысына, спорттық біліктіліктілігіне байланысты дене жүктемесінің ағзаның физиологиялық мүмкіндіктеріне барабарлығына талдау жүргізу;</p> <p>B7 – мониторинг жүргізу, модельдеу, болжау, спорттық іріктеу</p>
---	---

<p>✓ C – пайымдаудың қалыптасуы: C1 – педагогикалық шындықты тұтастай қабылдай және жүйелі ойлай алуы; C2 – ойдың тәуелсіздігі, сын тұрғысынан ойлау, талдау, диагностикалау дағдыларының болуы; C3 – өзінің педагогикалық мамандықтың әлеуметтік мәнін түсіну, кәсіби этика қағидаларын сақтау; C4 – дене мәдениеті және спорт мәселелеріне қатысты пайымдауды қалыптастыру және талдау жасауға қабілетті.</p>	<p>әдістерін пайдалану.</p> <p>✓ D – жеке қабілеттер: D1 – қарым-қатынас технологиясын, педагогикалық шешендік дағдыларын, коммуникациялық стратегияларын меңгергеру; D2 – педагогикалық ынтымақтастыққа төзімді және қабілеті; D3 – интеллектуалдық, моральдық-адамгершілік, мәдени ойлайтын, коммуникативтік, ұйымдастырушылық-басқарушылық дағдыларын дамытуға ұмтылады; D4 – педагогикалық қызметке деген жоғары мотивация, өз білімін жетілдіру мен өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу, жаңа педагогикалық тәжірибені қолдану және зерттеуге қабілетті; D5 – жеке тұлғаның салауатты өмір салтын қалыптастыру және еңбекті қорғауды сақтауға қабілетті.</p>
--	---

«5B010800 – Дене мәдениеті және спорт» мамандығы оқу бағдарламасы бойынша жалпы білімдік пәндерді, 3.1 бөлімінде көрсетілген бакалаврдің білім беру құзіреттілігінің дамуы мен қалыптасуына негізделген білім пәндерін қамтиды (Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Философия, Қазақ тілі/Орыс тілі, Шетел тілі, Шетел тілі - B1, Шетел тілі - B2, Дене тәрбиесінің теориясы, Критериалды бағалау технологиясы, Инклюзивті білім беру, Ақпараттық -коммуникациялық технология (ағылшын тілінде), Тіршілік қауіпсіздігі негіздері, Психология және адам дамуы, Өзін-өзі тану, Экология және тұрақты даму, Саясаттану, Әлеуметтану, Құқық негіздері, Экономикалық теория негіздері, Дінтану, Абайтану, Мәңгілік ел, Ттолеранттылық негіздері, Дене шынықтыру).

7. «5B010800 – Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бағдарламасының құрылымы мен оның бөліктерінің бөліну нормалары

№	Қызмет түрлері	Кредит саны	Апта саны	Жалпы сағат саны
1	Теориялық білім алу (1:2)	129	105	5805
2	Дене мәдениеті (2:0)	8	60	240
3	Қорытынды бақылау (1:6):	3	6	315
	1) мемлекеттік емтихан (за 1 ГЭ)	1	2	105
	2) диплом жұмысын жазу мен қорғау	2	4	210
	БАРЛЫҒЫ:	140	111	6360
4	Тәжірибе (кәсіби), оның ішінде:	6	15	450

	1) оқу (1:0)	2	1	30
	2) педагогикалық (1:1)	4	4	120
	3) өндірістік (1:4)	4	10	300
5	Демалыстар	-	63-57	-
6	Емтихан сессиясы (7х3 апта)	-	21	-
	БАРЛЫҒЫ:	146	204-210	6810

«5B010800 – Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін алу үшін студент осы мамандықтың оқу жұмыс жоспарына сәйкес 129 кредит көлемінде теориялық білім мен практикалық дағды алуы керек.